

Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
Дербес деректер (ДД)	электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, айқындалған немесе олардың негізінде айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты мәліметтер.
Оператор	дербес деректерді қамтитын деректер базасының операторы (бұдан әрі – оператор) – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға.
Дербес деректерді өңдеу	дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер.
Дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу	есептеу техникасы құралдарының көмегімен дербес деректерді өңдеу.
Дербес деректерді аралас өңдеу –	автоматтандыру құралдарының көмегімен, сондай-ақ оларды пайдаланбай дербес деректерді өңдеу.
Дербес деректерді тарату	дербес деректерді тарату – дербес деректерді беру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қол жеткізуді ұсыну жүзеге асырылатын іс-әрекеттер.
Дербес деректерді ұсыну	дербес деректерді белгілі бір тұлғаға немесе белгілі бір тұлғалар тобына ашуға бағытталған іс-әрекеттер.
Дербес деректерді бұғаттау	дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтатуға бағытталған іс-әрекеттер.
Дербес деректерді жою	жүзеге асырылуы нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер.
Дербес деректерді иесіздендіру	жүзеге асырылуы нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілілігін айқындау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер.
Биометриялық дербес деректер	дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын, олардың негізінде оның жеке басын айқындауға болатын дербес деректер.
Дербес деректердің ақпараттық жүйесі	деректер базаларында қамтылған дербес деректердің, сондай-ақ оларды өңдеуді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдардың жиынтығы.
Дербес деректерді трансшекаралық беру	дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына беру.

Сайт	«TNK Services» ЖШС-нің ақпаратын жалпыға қолжетімді түрде жариялауды және сервистерін ұсынуды қамтамасыз ететін техникалық құрылғылардың бағдарламалық және аппараттық құралдарының жиынтығы (https://tnks.kz).
------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «TNK Services» ЖШС-нің дербес деректерді өңдеуге қатысты саясаты (бұдан әрі – Саясат) «TNK Services» ЖШС-нің (бұдан әрі – Компания) дербес деректерді (бұдан әрі – ДД) өңдеуін дербес деректер субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ДД өңдеу және ДД қорғау кезінде қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2. Саясатта мыналар сипатталады:

1.2.1. ДД өңдеудің мақсаттары мен құқықтық негіздері;

1.2.2. ДД санаттары және оларды өңдеу тәсілдері;

1.2.3. ДД өңдеу қағидаттары;

1.2.4. ДД өңдеу тәртібі мен шарттары;

1.2.5. пайдаланушылар деректерін өңдеу туралы мәліметтер;

1.2.6. ДД субъектілерінің және Қоғамның құқықтары мен міндеттері;

1.2.7. ДД өңдеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.

1.3. Осы Саясат жалпыға қолжетімді құжат болып табылады, Компанияның жалпыға қолжетімді ресурстарында орналастырылады және бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

1.4. Осы Саясатты қайта қарау Қазақстан Республикасының ДД саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда, қолданылатын ақпараттық қауіпсіздік шараларының өзектілігін, жеткіліктілігін және тиімділігін талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ өзге де бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша, бірақ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

1.5. Саясаттың өзектілігіне және онда сипатталған ережелердің іске асырылуын ұйымдастыруға жауапкершілік бұйрық негізінде тағайындалған ДД өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаға жүктеледі.

1.6. Дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде ДД қорғау шараларын жалпы іске асыруға жауапкершілік бұйрық негізінде тағайындалған ДД қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлғаға жүктеледі.

1.7. Компания қызметкерлерінің дербес деректерді өңдеу кезінде қорғау шараларын сақтауына жауапкершілік тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына да жүктеледі.

1.8. Компанияда өңделетін ДД-ны алу, өңдеу, сақтау және қорғауды реттейтін нормаларды бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

2. Дербес деректерді өңдеудің мақсаттары мен негіздері

2.1. Компания ДД өңдеуді мынадай мақсаттарда жүзеге асырады:

2.1.1. клиенттерге қызмет көрсету;

2.1.2. шарттық міндеттемелерді орындау;

2.1.3. клиенттермен есеп айырысуларды жүргізу;

2.1.4. Компания қызметкерлерімен еңбек қатынастарын жүзеге асыру;

2.1.5. шағымдарды, өтініштерді, талап-арыздарды өңдеу;

- 2.1.6. жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарға сәйкес міндеттемелер мен жұмыстарды орындау;
- 2.1.7. қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда тиісті қызметтердің және мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша ақпарат ұсыну;
- 2.1.8. бухгалтерлік есепті жүргізу;
- 2.1.9. сот актілерін, басқа мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың актілерін орындау;
- 2.1.10. әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- 2.1.11. сервис жұмысының және оның мазмұнының сапасын жақсарту;
- 2.1.12. хабарламалық немесе маркетингтік сипаттағы мәліметтерді, оның ішінде жаңа қаржылық өнімдер, қызметтер, өткізілетін акциялар мен іс-шаралар туралы ақпаратты ұсыну.
- 2.2. ДД өңдеудің құқықтық негіздері:
 - 2.2.1. ҚР Конституциясы;
 - 2.2.2. ҚР Азаматтық кодексі;
 - 2.2.3. ҚР Салық кодексі;
 - 2.2.4. ҚР Еңбек кодексі;
 - 2.2.5. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заң;
 - 2.2.6. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заң;
 - 2.2.7. өзге де нормативтік құқықтық актілер.

3. Дербес деректерді өңдеу санаттары мен тәсілдері

- 3.1. Компания ДД-ны ДД субъектілерінің мынадай санаттары бойынша өңдейді:
 - 3.1.1. Компаниямен шарттық және өзге де азаматтық-құқықтық қатынастарда болатын жеке тұлғалар (субъектілер);
 - 3.1.2. Компаниямен еңбек қатынастарында болатын қызметкерлер (субъектілер);
 - 3.1.3. Компанияға сұрау салумен жүгінген жеке тұлғалар;
 - 3.1.4. контрагенттер (заңды тұлғалардың өкілдері);
 - 3.1.5. бос лауазымдарға орналасуға үміткерлер.
- 3.2. Компанияда өңделетін ДД санаттары осы Саясаттың 2.1-тармағында көрсетілген ДД өңдеу мақсаттарын ескере отырып айқындалады. Компания өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліктілік қағидатына сәйкес келмейтін және өңдеу мақсаттарына қатысты артық болып табылатын ДД-ны өңдемейді.
- 3.3. Компания ДД-ны мынадай тәсілдермен өңдейді:
 - 3.3.1. Компанияның ішкі желісі арқылы беру жолымен автоматтандырылған өңдеу;
 - 3.3.2. Интернет желісі арқылы беру жолымен автоматтандырылған өңдеу;
 - 3.3.3. автоматтандыру құралдарын пайдаланбай өңдеу.

4. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары

- 4.1. ДД өңдеу мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:
 - 4.1.1. адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
 - 4.1.2. заңдылық;
 - 4.1.3. қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығын сақтау;
 - 4.1.4. субъектілердің, меншік иелерінің және операторлардың құқықтарының теңдігі;
 - 4.1.5. жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

- 4.2. ДД өңдеуге жіберілген Компания қызметкерлері:
- 4.2.1. мыналардың ережелерін білуге және қатаң сақтауға міндетті:
 - 4.2.1.1. Қазақстан Республикасының ДД саласындағы заңнамасын;
 - 4.2.1.2. осы Саясатты;
 - 4.2.1.3. Компанияның ДД өңдеу мәселелері бойынша жергілікті актілерін;
 - 4.2.2. ДД-ны тек өзінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде өңдеуге;
 - 4.2.3. осы Саясат ережелерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін басқа тұлғалардың әрекеттері туралы хабарлауға;
 - 4.2.4. Компанияда өңделетін ДД-ны жария етпеуге;
 - 4.2.5. осы Саясат талаптарының бұзылу фактілері белгілі болған жағдайда, ДД өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаға хабарлауға міндетті.
- 4.3. ДД қауіпсіздігі ДД қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің алдын алуға (бейтараптандыруға) және жоюға, ықтимал залалды барынша азайтуға, сондай-ақ қауіптер іске асқан жағдайда ДД ақпараттық жүйелеріндегі деректер мен олардың жұмысын қалпына келтіруге бағытталған келісілген іс-шараларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Дербес деректерді өңдеу тәртібі мен шарттары

5.1. ДД өңдеу ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ДД субъектісінің келісімімен жүзеге асырылады.

5.2. Компанияда ДД субъектілерінің немесе олардың өкілдерінің өтініштері мен сұрау салуларын қабылдау және өңдеу ұйымдастырылған және (немесе) осындай өтініштер мен сұрау салуларды қабылдау мен өңдеуге бақылау жүзеге асырылады.

5.3. ДД өңдеуге келісім жазбаша түрде, мемлекеттік сервис, мемлекеттік емес сервис арқылы не келісімнің алынғанын растауға мүмкіндік беретін өзге тәсілмен берілуі/кері қайтарып алынуы мүмкін.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттандыру объектілерінде қамтылған дербес деректерді жинау және (немесе) өңдеу кезінде келісім мемлекеттік сервис арқылы беріледі.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе не орындалмаған міндеттеме болған жағдайда, субъект немесе оның заңды өкілі дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып ала алмайды.

5.3.1. Өтініш қанағаттандырылған жағдайда, егер ДД субъектісі тарабы, пайда алушысы немесе кепілгері болып табылатын шартта, Компания мен ДД субъектісі арасындағы өзге келісімде өзгеше көзделмесе және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша ДД субъектісінің келісімінсіз ДД өңдеуді жүзеге асыруға Компанияның құқығы болмаса, Компания ДД өңдеуді тоқтатады немесе мұндай ДД өңдеуді тоқтатуды қамтамасыз етеді (егер ДД өңдеу тапсырма бойынша әрекет ететін өзге тұлға арқылы жүзеге асырылса), сондай-ақ егер ДД сақтау ДД өңдеу мақсаттары үшін бұдан әрі талап етілмесе, ДД жояды немесе олардың жойылуын қамтамасыз етеді (егер ДД өңдеу тапсырма бойынша әрекет ететін өзге тұлға арқылы жүзеге асырылса).

Компания деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, ДД субъектісіне қатысты дербес деректерді бір жұмыс күні ішінде бұғаттайды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинау, өңдеу фактісі расталған жағдайда, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге жағдайларда дербес деректерді бір жұмыс күні ішінде жояды.

5.5. ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, ДД субъектісінің келісімінсіз ДД үшінші тұлғаларға ашылмайды және өзге түрде таратылмайды.

5.6. Мемлекеттік билік органдарының өкілдері (оның ішінде бақылаушы, қадағалау, құқық қорғау және өзге де органдар) Компанияда өңделетін ДД-ға ҚР заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен қол жеткізеді.

5.7. Компания қызметкерлердің ДД-сын, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде өңдейді.

5.8. Жұмысқа қабылдаудан бас тартылған жағдайда, бос лауазымға орналасуға үміткерлер ұсынған мәліметтер Компания тиісті шешім қабылдағаннан кейін 30 күн ішінде жойылады.

6. Пайдаланушылар деректерін өңдеу

6.1. Компания сайтқа келушілердің пайдаланушылық деректерін Компания сервистерін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету, сервистердің сапасын, мазмұнын және ілгерілетуін жақсарту, ретаргетинг жүргізу, статистикалық зерттеулер мен шолулар жүргізу мақсатында өңдейді.

6.2. Тәуекелдерді талдауды барынша азайту тетіктерін іске қосу, аудит ізін жүргізу және онлайн-алаяқтық қатерлерінің алдын алу қажет болған жағдайда Компания мынадай пайдаланушылық деректерді өңдейді:

6.3. құрылғының операциялық жүйесінің атауы мен нұсқасы, қосылу түрі және байланыс операторының атауы, cookies файлдары (куки), сондай-ақ пайдаланушы туралы мәліметтер, оның ішінде: IP-мекенжайы, пайдаланушының іздеу сұраулары, сұрау салу уақыты, пайдаланылатын браузер туралы ақпарат (браузердің түрі мен нұсқасы) және тіл, сайтқа қол жеткізу күні мен уақыты, пайдаланушы кірген веб-беттердің интернет-мекенжайлары, Компанияның пайдаланушы кірген интернет-ресурстарында орналастырылған ақпараттың тақырыбы, пайдаланушының идентификаторы, құрылғының идентификаторы, географиялық орналасқан жері, қаралған беттердің саны, сайтта болу ұзақтығы, пайдаланушының экранға жанасуы туралы ақпарат, пайдаланушы өзара әрекеттесетін қосымшаның функциялары мен элементтері туралы ақпарат, сайтқа өту кезінде пайдаланылған сұраулар, өтулер жасалған беттер, мобильдік құрылғы туралы мәліметтер, оның ішінде құрылғы идентификаторы, орналасқан жері туралы мәліметтер, жүйе баптаулары туралы деректер, құрылғыға орнатылған қосымшалар туралы ақпарат, құрылғы камерасымен түсірілген фотосуреттердің метадеректері, құрылғыдағы байланыс деректерінің тізімі, құрылғыға тіркелген аккаунттардың тізімі, орнатылған SIM-карталардың нөмірлері және олардың IMEI-кодтары, пайдаланушының User-Agent деректері, жарнамалық трафик көзі, сессия идентификаторы, авторизация/тіркелу уақыты, токен, токенді әр тексеру уақыты (жүйелерге байланыстырылып), пайдаланушы кірген жүйелердің идентификаторлары, мобильдік қосымша нұсқасы, сервис пайдаланушысының логині, сервисті пайдалану күні/уақыты.

6.4. Пайдаланушылық деректерді жинау және өңдеу мынадай үшінші тараптың талдау сервистерін пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін: Google Tag Manager, Google Analytics, Firebase Analytics, Яндекс.Метрика, Appsflyer, UserX, Vk.com, Mail.ru, Amplitude, Mytarget, Microsoft Clarity, Juicy Score.

6.5. Пайдаланушылық деректер сайт пайдаланушысының келісімімен ғана қауіпсіз тәсілмен, оның ішінде тиісті шифрлау әдістерін қолдану арқылы жиналады және өңделеді.

6.6. Компания пайдаланушылық деректерді үшінші тұлғаларға тек заңды негіздер бойынша береді: мұндай беру заңнама талаптарын орындау үшін жүзеге асырылған жағдайда және Пайдаланушымен жасалған шартты орындау мақсатында (Пайдаланушының келісімі болған кезде).

6.7. Пайдаланушы кез келген уақытта cookies файлдарын пайдалану бөлігінде браузер баптаулары арқылы пайдаланушылық деректерді жинауды шектей алады.

6.8. Пайдаланушылық деректер иесіздендірілген және пайдаланушының жеке басына қандай да бір түрде қатысты дербес және өзге де деректерді қамтымайды. Берілетін экран суреттерінде дербес деректерді, сондай-ақ қаржылық және өзге де пайдаланушылық деректерді қамтуы мүмкін барлық экран өрістері жасырылып көрсетіледі.

6.9. Компания жеке және құпия пайдаланушылық деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды. Пайдаланушылық деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету осы Саясаттың 8-бөлімінде көрсетілген ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

7. Дербес деректер субъектілерінің және Компанияның құқықтары мен міндеттері

7.1. ДД субъектісінің құқықтары мен міндеттері

7.1.1. ДД субъектісі:

7.1.1. Компанияда, сондай-ақ үшінші тұлғада өзінің ДД-сының бар-жоғы туралы білуге, мынадай ақпаратты алуға құқылы:

ДД жинау мен өңдеу фактісін, мақсаттарын, көздерін және тәсілдерін растауды; дербес деректердің тізбесін;

ДД өңдеу мерзімдерін, оның ішінде оларды сақтау мерзімдерін;

7.1.2. тиісті құжаттармен расталған негіздер болған жағдайда, Компаниядан өзінің ДД-сын өзгертуін және толықтыруын талап етуге;

7.1.3. ДД жинау және өңдеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, Компаниядан, сондай-ақ үшінші тұлғадан өзінің ДД-сын бұғаттауды талап етуге;

7.1.4. ДД жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылған жағдайда, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге жағдайларда Компаниядан, сондай-ақ үшінші тұлғадан өзінің ДД-сын жоюды талап етуге;

7.1.5. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жинауға, өңдеуге, жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратуға, үшінші тұлғаларға беруге және ДД трансшекаралық беруге берілген келісімді кері қайтарып алуға;

7.1.6. Компанияға өзінің ДД-сын жалпыға қолжетімді ДД-ға таратуға келісім беруге (не одан бас тартуға);

7.1.7. өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, оның ішінде моральдық және материалдық зиянды өтеуге;

7.1.8. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7.1.4. Осы Саясаттың 7.1.1-тармағында көрсетілген мәліметтер, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер көзделмесе, ДД субъектісінің немесе оның заңды өкілінің өтініші алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ДД субъектісіне немесе оның өкіліне ұсынылады.

ДД субъектісіне немесе оның заңды өкіліне ақпарат ұсынудан бас тартылған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер көзделмесе, Компания өтініш алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізделген жауап ұсынады.

7.1.4.1. Ақпарат алу үшін ДД субъектісі немесе оның заңды өкілі Компанияға не үшінші тұлғаға жазбаша түрде, электрондық құжат нысанында немесе Қазақстан

Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау элементтерін қолдана отырып өзге тәсілмен өтініш (сұрау салу) жолдайды.

7.1.4.2. Компания мәліметтерді ДД субъектісіне немесе оның өкіліне тиісті өтініш не сұрау салу қандай нысанда жолданса, егер өтініште немесе сұрау салуда өзгеше көрсетілмесе, сол нысанда ұсынады.

7.1.5. ДД субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда өзінің дербес деректерін ұсынуға міндетті.

7.2. Компанияның міндеттері мен құқықтары

7.2.1. Компания «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыруға құқылы.

7.2.2. Компания:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті ДД тізбесін бекітуге;

1-1) дербес деректерді жинау, өндеу және қорғау жөніндегі саясатты айқындайтын құжаттарды бекітуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ДД-ны қорғау үшін қажетті, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға және сақтауға;

3) ДД және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

4) ДД жинау және өндеу мақсатына қол жеткізілген жағдайда, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге жағдайларда ДД-ны жою жөнінде шаралар қабылдауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ДД субъектісінің өз ДД-сын жинауға және өндеуге келісімін алғанын растайтын мәліметтерді ұсынуға;

6) ДД субъектісінің өтініші бойынша оған қатысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде хабарлауға;

7) ДД субъектісіне немесе оның заңды өкіліне ақпарат ұсынудан бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде негізделген жауап беруге;

8) бір жұмыс күні ішінде:

тиісті құжаттармен олардың дұрыстығы расталған жағдайда ДД-ны өзгертуге және (немесе) толықтыруға немесе оларды өзгерту және (немесе) толықтыру мүмкін болмаған жағдайда ДД-ны жоюға;

Жинау және өндеу шарттарының бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда ДД субъектісіне қатысты дербес деректерді бұғаттауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жинау және өндеу фактісі расталған жағдайда, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге жағдайларда ДД-ны жоюға;

ДД жинау және өндеу шарттарының бұзылу фактісі расталмаған жағдайда ДД бұғаттауды алып тастауға;

ДД қауіпсіздігінің бұзылуы анықталған сәттен бастап, ДД өндеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректерін көрсете отырып (бар болған жағдайда), мұндай бұзушылық туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

9) ДД субъектісіне немесе оның заңды өкіліне осы субъектіге қатысты ДД-мен ақысыз танысу мүмкіндігін беруге;

10) ДД өндеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындауға міндетті.

7.2.3. ДД өндеуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:

1) Компанияның және оның қызметкерлерінің ДД және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде ДД-ны қорғау талаптарын сақтауына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

2) Компания қызметкерлеріне ДД өндеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының ДД және оларды қорғау туралы заңнамасының ережелерін және ДД-ны қорғау талаптарын жеткізуге;

3) ДД субъектілерінің немесе олардың заңды өкілдерінің өтініштерін қабылдау және өндеу бойынша бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

8. Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар

8.1. ДД-ны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Компанияда мынадай ұйымдастырушылық және техникалық қауіпсіздік шаралары іске асырылған:

8.1.1. ДД өндеуді ұйымдастыруға жауапты тұлға тағайындалған;

8.1.2. ДД қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлға тағайындалған;

8.1.3. ДД өндеуге қатысты саясат айқындалған;

8.1.4. ДД өндеудің сәйкестігіне ішкі бақылау және аудит жүргізіледі;

8.1.5. ДД өндеуді жүзеге асыратын қызметкерлерді ДД өндеу және қорғау мәселелері бойынша заңнамалық және ішкі ұйымдастырушылық құжаттармен таныстыру ұйымдастырылған;

8.1.6. ДД қорғау құралдары, оның ішінде вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз ету, желіаралық экрандау құрылғылары, ДД-ны шифрлау жөніндегі аппараттық және бағдарламалық шешімдер, дабыл беру жүйелері, бейнебақылау, қолжетімділікті бақылау жүйелері, сейфтер, кілтпен құлыпталатын шкафтар және өзге де техникалық қорғау құралдары қолданылады;

8.1.7. ДД қамтылған жеткізгіштердің қауіпсіз сақталуы қамтамасыз етілген;

8.1.8. ДД-мен жұмыс істеуге жіберілген тұлғалардың есебі жүргізіледі;

8.1.9. ДД қамтитын ақпараттық ресурстар мен деректер базаларына қолжетімділікті шектеу және бақылау жүйесі енгізілген;

8.1.10. ДД-ға рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін анықтау құралдары пайдаланылады.

8.2. ДД-ны олардың ДД ақпараттық жүйелерінде өндеу кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары Компанияның ДД ақпараттық жүйелерінде ДД-ны өндеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес белгіленеді.